

## Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 4 қыркүйек N 970. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін. <\*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. N 837 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министріне - төрт, оның ішінде - бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігін, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға республикалық бюджеттен көзделген, берілетін штат саны шегіндегі қаржының есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.*

5. "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 165 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 54-күжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 970 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты және заңнамада көзделген шекте. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық және өңіраралық үйлестіруді, Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарларын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын (бұдан әрі - стратегиялық және индикативтік жоспарларын), мемлекеттік қаржыны, лицензиялау жүйесін басқаруды, орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады. <\*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. № 837 қаулысымен .*

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.11. № 167 қаулысымен .*

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Министрліктің заңды мекен-жайы: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 33-үй.

6. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары**

9. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын экономикалық талдау, макроэкономикалық болжамдау және реттеу мен реформалардың барысын бағалау;

3) стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және жетілдіру;

4) мемлекеттің ақша-кредит саясатымен өзара қарым-қатынаста мемлекеттік салық-бюджет және инвестициялық саясатты, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру;

5) мемлекеттік активтерді тиімді басқару саясатын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу;

6) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

6-1) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ол Мемлекет басшысының қарауына ұсынуы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі бойынша ұсыныстар енгізісін;<\*>

6-2) мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруға қатысу;<\*>

6-3) лицензиялау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;<\*>

6-4) жұмылдыру даярлығы мен жұмылдыру саласындағы негізгі бағыттарды әзірлеу және бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; <\*>

6-5) бағдарламалар бойынша уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру

;

< \* >

7) оған заңнамамен жүктелген өзге де міндеттер.

*Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. N 837 қаулысымен .*

*Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.11. N 167*

қаулысымен .

10. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу ;

2) стратегиялық жоспарларды іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметтерін талдау және үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасында стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен стратегиялық жоспарлардың негізінде қалыптастыру, олардың атқарылу мониторингін жүзеге асыру және оларды түзету бойынша ұсыныстар енгізу ;

5) әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын қамтитын орта мерзімді индикативтік жоспарларды орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен әзірлеу;

6) мемлекеттік инвестициялардың басым бағыттарын орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен қалыптастыру;

7) мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың қызметтерін үйлестіру;

7-1) мемлекеттік органдардың лицензиялау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру ; < \* >

7-2) мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне әдіснамалық басшылық жасау ;

7-3) Қазақстан Республикасында қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесін қалыптастыру және одан әрі жүргізу ;

7-4) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың орындалуын жалпы бақылауды жүзеге асыру ;

7-5) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды жүргізу; <\*>

8) Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін әзірлеу; <\*>

9) еліміздің, Қазақстан Республикасының аймақтары мен салаларының әлеуметтік-экономикалық даму мониторингін, әлемді экономиканың жағдайы мен дамуына талдау жүргізу;

10) экономикалық қауіпсіздік мәселелерінің мониторингі;

11) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын талдау;

12) стратегиялық жоспарларды іске асырудың барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындау және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері және Үкімет Бағдарламасы мен оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлау;

13) әлеуметтік-экономикалық даму индикативтік жоспарларының, мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалардың әзірленуін және іске асырылуын әдіснамалық қамтамасыз ету;

14) инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу, мемлекеттік бағдарламаларды және басым инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал ету;

15) мемлекеттік инвестициялардың жүзеге асырылуын әдістемелік қамтамасыз ету, әзірленуін ұйымдастыру мен оның мониторингі;

16) өз құзыреті шегінде инвестициялық бағдарламалардың сараптамасын қоса алғанда, инвесторлармен жасалатын келісім-шарттардың экономикалық сараптамасын жүргізуге қатысу;

17) республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізу;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентіне сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларына сараптама жүргізуді жүзеге асыру;

19) мемлекеттік қаржыны және мемлекеттік меншікті басқару саласында мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға қатысу;

20) республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді болжамдау;

21) жергілікті атқарушы органдарға ерекше маңызды бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың ең аз мөлшерлерін жеткізу; <\*>

22) республикалық және жергілікті бюджеттер үшін бірыңғай бюджеттік сыныптамалар мен қаржылық есептіліктің бірыңғай нысанын әзірлеу және бекіту;

23) бюджеттік процеске әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру, мемлекеттік шығыстардың бюджеттік бағдарлама жасау әдістері мен функционалдық талдау әдістемесін енгізу;

24) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу саясаты мен кредит с а я с а т ы н ә з і р л е у ;

25) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш пен қарыз алуды жоспарлау және оның мониторингін жүзеге асыру;

26) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш пен қарыз алуды алдағы 10 жылдық кезеңге арналған жыл сайынғы болжамдау мен бағалауды жүзеге асыру;

27) халықаралық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмыстарын үйлестіру, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен, донор елдермен, рейтингтік агенттіктермен өзара әрекет ету;

28) халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдардан және донор елдерден қаржылық және техникалық көмектерді тартудың және пайдаланудың басым бағыттарын айқындау және оның үйлестірілуін жүзеге асыру;

29) атқарушы билік органдарының құрылымдары мен өзара әрекет етуін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, мемлекеттік органдармен бірлесе отырып атқарушы билік органдарының қаржы-экономикалық функциялары мен өкілеттіктерін анықтайтын нормативтік кесімдерді әзірлеуге қатысу;

30) Министрліктің құзыретіне енетін бағыттар бойынша мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлеу;

31) конкурстық негізде қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру;

31-1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Жұмылдыру жоспарын әзірлеу және оны іске асыруды ү й л е с т і р у ; < \* >

31-2) жұмылдыру даярлығы мен жұмылдыруды ғылыми және әдістемелік қ а м т а м а с ы з е т у ; < \* >

32) өз қызметі саласында заңнаманың қолданылу тәжірибесін талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын дайындауға қатысу, оларды Ү кі м е т ті ң қ а р а у ы н а е н г і з у ;

33) Қазақстан Республикасының және басқа да елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

33-1) республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың штат кестелеріне талдау жүргізу; <\*>

33-2) еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды іске асыруға арналған шығыстарға есептемелер жүргізу және оларды жоспарлау; <\*>

33-3) заңнамада белгіленген тәртіппен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары ұсынған болжамды көрсеткіштерді :

жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді;  
тиісті қаржы жылының соңына облыс, Астана және Алматы қалалары  
жергілікті атқарушы органының борышы көлемін;  
облыс, Астана және Алматы қалалары жергілікті атқарушы органының  
борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығындар көлемін  
к е л і с е д і ; < \* >

34) оған заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.  
*Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. N 837 қаулысымен .*  
*Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.11. N 167*  
қаулысымен .

11. Министрліктің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өз  
функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік  
элеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар  
е н г і з у г е ;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың индикативті  
жоспарлардың, Үкімет Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар  
жоспарларының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Үкімет Бағдарламасын іске асыру  
жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3-1) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды одан әрі іске  
асырудың орындылығы туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының  
Үкіметіне е н г і з у г е ; < \* >

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке  
тұлғалардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

5) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық кесімдер шығаруға;

6) өз құзыреті шегінде келіссөздер жүргізуге және Қазақстан  
Республикасының халықаралық шарттарын жасасуға, сондай-ақ шетелдік заңды  
тұлғалармен келісімдер жасасуға;

7) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін орталық және жергілікті  
атқарушы органдардың мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

8) Министрліктің қарауындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындармен  
мемлекеттік басқару органы болып әрекет етуге;

9) Министрлікке ғылыми зерттеулерге бөлінген қаражаттың шегінде  
маңызды ғылыми қаржы-экономикалық жұмыстардың тізбесін анықтауға,  
белгіленген тәртіппен Министрліктің құзыретіне енетін мәселелерді әзірлеу үшін  
ғылыми-зерттеу ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген мамандарды тартуға;

10) оған заңнамамен жүктелген өзге де құқықтарға құқығы бар.  
*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.11. N 167*  
қаулысымен .

### **3. Министрліктің мүлкі**

12. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.  
Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

13. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және егер заңнамалық кесімде өзгеше белгіленбесе, оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен иеліктен айыруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### **4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру**

15. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Министр басқарады.

Министрдің өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын орынбасарлары ( вице-министрлері) оның ішінде бір бірінші вице-министрі болады.

16. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауаптылықта болады.

17. Министр осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Министрдің бұйрықтарына қол қояды;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің құрылымын және құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрлікті билдіреді;

7) Министрлік жұмысының регламентін бекітеді;

8) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрықтарымен ресімделеді.

19. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан Министр бекітеді.

#### **5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 970 қаулысымен

бекітілген

*Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. № 837 қаулысымен . ("Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты 2002 жылғы 1 қарашадан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданады).*

**Қазақстан Республикасы Экономика және  
бюджеттік жоспарлау министрлігінің қарамағындағы  
ұйымдардың тізбесі**

1 . < \* >

*Ескерту: 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. № 825 қаулысымен .*

2. "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында).

3. "Арнайы бағдарламалардың ғылыми-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.